

## ТАРИХ

- 1814-1815 жылғы Вена конгресінің шешіміне Пруссия не ұтты?
  - Рейн облысын қайтарып алды
  - Польшадағы иеліктерін толықтай қайтарып алды
  - Герман одағын басқаратын болды
- О. фон Бисмарк «культуркамф» саясатын қандай мақсатпен жүргізді?
  - Герман мектептеріндегі білім беру сапасын арттыру
  - Германиядағы католицизмнің ықпалын әлсірету
  - Германиядағы мәдениет деңгейін көтеру
- Речь Посполитаның бірінші тарауы 1772 жылы Пруссия үшін қандай басты нәтиже берді?
  - Польша тарапынан төнген қауіптен қорғану
  - Шығыс Еуропадағы жер аумағын қосу
  - Ресеймен ортақ шекараға ие болу
- Кванттық механиканы жасап шығарғандығы үшін Нобель сыйлығын алған неміс физигі.
  - В. Вин
  - В. Гейзенберг
  - В. К. Рентген
- ВИмператордың уақытша тұратын жері болып бекітілген камал-үй-жайы орта ғасырларда қалай аталды?
  - «бург»
  - «пфальц»
  - «штадт»
- Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін екі мемлекетке де тең құқылы бірінші халықаралық келісім болып табылатын 1922 жылы қол қойылған РСФРО мен Веймар республикасы арасындағы келісім-шарт қандай қалада жасалды?
  - Брест
  - Нюрнберг
  - Рапалло
- Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін рейхстагта сөйлеген сөзінде П Вильгельм не деді?
  - «Сарбаздар ағаштағы жапырақтар түскенге дейін қайтып оралады»
  - «Мен енді ешқандай партия дегенді білмеймін. Мен үшін тек немістер ғана бар!»
  - «Жаратқан менің қаруыма жеңіс берсін»
- 1828 жылдан 1949 жылға дейін III Фридрих Вильгельмнің атында болған Берлин университеті қандай неміс ғалымының бастамасымен негізі қаланған еді?
  - И. Кант
  - В. Гумбольдт
  - Г. Гегель
- Австрия Германияға қашан қосылды?
  - Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында
  - Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде
  - Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң
- Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ұлттар Лигасының штаб-пәтері қайда орналасқан?
  - Лихтенштейн
  - Австрия
  - Швейцария
- Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде болған ірі шайқастың бірі төмендегі қай орыс қолбасшысының атымен аталған?
  - А. И. Деникин
  - А. А. Брусилов
  - М. В. Алексеев
- Екінші дүниежүзілік соғыс неміс әскерлерінің қай елге басып кіруінен басталды?
  - КСРО
  - Польша
  - Франция
- «Сенің бар күш-жігерің кез-келген уақытта жалпыға бірдей заңдылықтар қағидасының күшіне ие болатындай іс-әрекет жаса» деген сөзді қандай философ айтқан?
  - К. Маркс
  - Г. Гегель
  - И. Кант
- Тильзит шартының мәтініне сай, Наполеон Пруссияға жер аумағының бір бөлігін кімге деген құрметі үшін қайтарды?
  - марқұм II Фридрихқа
  - Пруссия сарбаздарының ерлігіне
  - орыс императорына

15. Ғұндарға қарсы болған Каталаун даласындағы шайқаста рим, вестгот және басқа да герман тайпаларынан құралған әскери одақты басқарған қолбасшы.
  - Аттила
  - Флавий Аэций
  - Гай Юлий Цезарь

## ӘДЕБИЕТ

- Христиан королі мен еврей қызы арасындағы махаббат туралы Л.Фейхтвангердің тарихи романы қалай аталады?
  - «Еврей Зюсс»
  - «Иеффай мен оның қызы»
  - «Испан балладасы»
- Ұлы голландиялық суретші Рембрандтқа өлең жолдарымен жазылған повесть арнаған неміс жазушысы кім?
  - Г. фон Клейст
  - И. В. Гёте
  - А. фон Арним
- Соңғы драмасын орыстың оқиғасының желісі бойынша жазған неміс жазушысы кім?
  - Ф. Шиллер
  - Г. фон Клейст
  - И. В. Гёте
- «Жаздың түніндегі ұйқы» атты В.Шекспирдің комедиясындағы кейіпкерлер Оберон мен Титания И.В.Гётенің қандай шығармасында кездеседі?
  - «Эгмонт»
  - «Фауст»
  - «Орман патшасы»
- Композитор Р.Шуман қандай неміс жазушысының ықпалымен әдеби туындылар жазға бастады, сондай-ақ фортепианода ойналатын алғашқы сюитасын шығарды?
  - Ф. Шиллер
  - Жан-Поль
  - И. В. Гёте
- И.Северянин «ол бізге Евангелие сияқты қажет» деп қай неміс жазушысы туралы жазған?
  - Р. М. Рильке
  - Э. М. Ремарк
  - Ф. Ницше
- Ата-аналарының Үндістанда тұруы оның Шығыс елдеріне деген қызығушылығын оятқан және бұл оның шығармаларынан да көрініс тапқан. Сөз болып отырған неміс жазушысы кім?
  - Л. Фейхтвангер
  - Г. Гессе
  - Т. Манн
- Неміс ұлттық театры жанынан ашылған журналдың негізін қалаған жазушы кім?
  - Жан-Поль
  - Ф. Шиллер
  - Г. Э. Лессинг
- Т. Маннның «Доктор Фауст» романындағы басты кейіпкер мамандығы бойынша кім болды?
  - Композитор
  - Ғалым
  - Жазушы
- Ф.Лист пен Н.Паганинидің әдеби портреттерін қалдырған неміс романтигі кім?
  - Г. фон Клейст
  - Г. Гейне
  - Э. Т. А. Гофман
- Т.Манн «Лотта Веймарда» романында немістің қай жазушысының өміріндегі шынайы романтикалық оқиғаларды жазды?
  - И. В. Гёте
  - Жан-Поль
  - Ф. Шиллер
- Л.Толстоймен кездесіп, М.Цветаевамен хат жазысып тұрған австриялық әдебиетші кім?
  - Р. М. Рильке
  - С. Цвейг
  - Г. фон Гофмансталь
- Э.М.Ремарктің «Батыс майданда өзгеріс жоқ» романы қандай оқиғаларға арналған?
  - Франк-прусс соғысына
  - Бірінші дүниежүзілік соғысқа
  - Екінші дүниежүзілік соғысқа
- Бұл орыс ақынының әдеби мұрасының көп бөлігі неміс романтикалық поэзиясының аудармаларынан тұрады, ал А.Пушкин оны «аударма данышпаны» деп атаған. Кім жайлы сөз болып отыр?
  - Ф. Тютчев
  - Г. Державин
  - В. Жуковский
- Дипломатиялық корпуста жұмыс істеген, өмірінің көп бөлігін Германияда өткізген және Г.Гейне ең алғаш орыс тіліне аударған орыс ақыны кім?
  - В. Жуковский
  - Г. Державин
  - Ф. Тютчев

## КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТ

- Арасында А.Коссель, К.Бош, Р.Куп болған, Нобель сыйлығының лауреаттары атанған тулектерімен және оқытушыларымен танымал университет.
  - Фрайбург
  - Гейдельберг
  - Бонн
- Қазіргі күмбезінің жобасын британ сәулетшісі Н.Фостер жасаған қандай ғимарат? Соның арқасында неміс бундестагы адам ең көп баратын парламент болып отыр.
  - Рейхстаг ғимараты
  - Қызыл ратуша
  - Шарлоттенбург сарайы

- Бильярд ойнауды өте жақсы көрген вена классиктерінің бірі.
  - И.Гайди
  - В.А.Моцарт
  - Л.ван Бетховен
- Тұңғыш Байрейт фестиваліне және «Нибелунгтер сақинасы» тетралогиясынан қойылған Р.Вагнер операсының алғашқы қойылымына «Орыс ведомостілері» газетінің корреспонденті ретінде келген ұлы орыс композиторы кім?
  - М.Мусоргский
  - А.Бородин
  - П. Чайковский
- Потсдамға жақын жерде орналасқан орыс ауылының атауы қандай императордың құрметіне аталған?
  - І Петр
  - І Александр
  - І Павел
- Германияның екі жоғарғы сатыдағы соты орналасқан қала.
  - Нюрнберг
  - Потсдам
  - Карлсруэ
- Бір кездері әлемдегі ең биік ғимарат болып есептеліп, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жартылай қираған, ал қазіргі таңда қала көрінісін тамашалайтын бақылау алаңының қызметін атқарып тұрған шіркеу.
  - Мюнхендегі Фрауэнкирхе
  - Любектегі Әулие Мария
  - Гамбургтегі Әулие Николай
- Сол аймақтағы басқа да көптеген ғибадатханалар осы шіркеудің үлгісінде салынғандықтан, оны «солтүстік герман кірпіш готикасының анасы» деп атайды. Бұл қандай шіркеу?
  - Берлиндегі Әулие Николай
  - Любектегі Әулие Мария
  - Мюнхендегі Фрауэнкирхе
- Жоғарғы жағында жаң-жақты тамашалайтын алаңы бар, ал орыс ақыны Саша Черный «оның кезіндегі пілдің бойындай» деп сипаттаған ескерткіш құрылыс.
  - Бремендегі Роландқа арналған ескерткіш
  - Мюнхендегі «Бавария» статуясы
  - Берлиндегі Триумф колоннасы
- Ф.Мендельсонның үйлену тойына арналған атақты маршы қандай шығарманың бір бөлігі болып табылады?
  - «Сарбаздың махаббаты»
  - «Г.Э. Лессинг»
  - «Жаздың түніндегі ұйқы»
- Вена алаңындағы екі үйді қосып тұрған сағаттың сандары 12 тарихи тулғаның мүсіндерімен безендірілген. Бұл қандай сағат?
  - «Жер шары» сағаты
  - Анкерур сағаты
  - Цайт Глоккентурм мұнарасындағы сағат
- Неміс ғалымы және жазушысы Т.Фонтаннің экспедиция кезінде әбден желініп қалған сол жақ киімі өлкетанушының кабинетте отыратын барлық ғалымдарға деген сын-сықағы ретінде қойылған. Бұл жәдігер қай мұражайда орналасқан?
  - Жасанды бұйымдар мұражайы
  - Өтіріктер мұражайы
  - Жаратылыстану мұражайы
- Мына суретте берілген мұражай Нерот неміс коммунасының атын шығарған қандай құрылыстарға арналған?
  - Тышқан аулағыштар
  - Жерде тұратын таразылар
  - Ет тартқыштар
- Каролингтер сәулет өнері туындыларының ішінде жақсырақ сақталған кіре беріс қақпадағы кішкентай шіркеу қай ғибадатхана кешенінің аумағында орналасқан?
  - Кведлинбург аббаттығы
  - Верден аббаттығы
  - Лорш монастырі
- Маңайында емдеу мекемесі, хоспис және балабақша бар монастырь.
  - Кведлинбург монастырі
  - Лорш монастырі
  - Верден монастырі

41



42



43



44



45





- А) Мариенталь монастыры  
В) Әулие Галл монастыры

С) Ленин монастыры

## КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТ

46. Мына суретте берілген Л.ван Бетховенге арналған ерекше ескерткішті жасағанда полихромдық мүсінге табиғаты мен түсі әр түрлі материалдарды қосып, аралас өдіспен жұмыс істеген. Бұл ескерткіштің авторы кім?  
А) Г.Кольбе В) М.Клингер С) Э.Барлах

46



47. Мына берілген суреттің авторы, Еуропа сурет өнерінде тұңғыш акварельді пейзаж салған суретшілердің бірі.  
А) К.Д.Фридрих  
В) А.Кауфман  
С) А.Дюрер

47



48. Мына берілген пейзаждың авторы XIX ғасырдың басындағы ең дарынды неміс суретшілерінің бірі болған, алайда оның өмірі шығармашылық жолының басында үзілген еді. Кім жайлы сөз болып отыр?  
А) А.Граф  
В) А.Менцель  
С) К.Ф.Фор

48



49. Мына суреттің авторы он екі жыл бойы Берлин көркемсурет академиясының президенті болған. Ол кім?  
А) М.Клингер  
В) М.Либерман  
С) Э.Нольде

49



50. Мына суреттің авторы өзінің көптеген акварельді суреттерін «жазылмаған суреттер» деп атаған. Бұл қай суретші?  
А) Э.Нольде  
В) А.Граф  
С) П.Клэе

50



51. Г.Монтердің мына суретінде «Көк салт атты» бірлестігінің негізін қалаушылардың бірі болған қандай орыс суретшісі бейнеленген?  
А) К.Малевич  
В) В.Кандинский  
С) А.Явленский

51



52. Берілген суреттің авторы график суретші, кескіндемеші, сондай-ақ Ф.Кутлердің «Ұлы Фридрихтің тарихы» тарихи шығармасына салынған иллюстрацияларымен де танымал. Бұл кім?  
А) В.Лейбль  
В) А.Менцель  
С) А.Дюрер

52



53. Мына суреттің авторы Вена мемлекеттік операсының ішкі көрінісін салып танымал болған. Бұл қай суретші?  
А) К.Д.Фридрих  
В) В.фон Каульбах  
С) М.фон Швинд

53



54. Мына габдатхананың авторы өзінің неоклассикалық стильдегі монументтік құрылыстарымен танымал болған. Бұл кім?

- А) П.Беренс  
В) К.Ф.Шинкель  
С) Л.фон Кленце

54



55. Мына суретте көрсетілген сәулет өнері мен көркемдік-өндірістік мектеп Германияда негізі қаланып, XX ғасыр өнеріндегі функционализмнің жарқын көрінісіне айналды. Ол қалай аталады?

- А) Баухауз  
В) Сецессион  
С) Мост

55



56. Мына суреттің авторы мүсіндерді билеп тұрған немесе діни жоралғыларды жасап тұрған қалыңды симметриялы түрде орналастыру тән параллелизм стилін қалыптастырған. Бұл өнер иесі кім?

- А) А.Бёклин  
В) П.Клэе  
С) Ф.Ходлер

56



57. Мына суреттің авторы ағылшын королі VIII Генрих үшін оның көздеп отырған қалыңдықтарының портреттерін салған. Бұл суретші кім?

- А) Кіші Г.Гольбейн  
В) М.Грюневальд  
С) Үлкен Л.Кранах

57



58. Мына берілген суреттің авторы түс renkтеріне көп мән берген, тіпті, бұл мәселеге арнап «Түстер шеңбері» трактатын жазған. Кім жайлы сөз болып отыр?

- А) К.Д.Фридрих  
В) Ф.О.Рунге  
С) А.Менцель


58



59. Мына суреттің авторы, өз жұмыстарын орыс суретшілері В.Кандинскиймен және А.Явленскиймен бірге көрмеге қойған швейцар суретшісі.

- А) Ф.Ходлер  
В) А.Бёклин  
С) П.Клэе

59



60. Мына портреттің авторы Орта ғасыр мен Ренессанс дәуіріндегі өнер мен өмір сүру салтына бағытталған «Назарейліктер» суретшілер бірлестігінің негізін қалаушы болған. Сөз болып отырған қай суретші?

- А) Ф.Фейт  
В) Ф.Пфорт  
С) И.Ф.Овербек

60



## ЗОЛОТОЕ РУНО

9-11 СЫНЫПТАР

РАХ GERMANICA:  
«НЕМІС БОЛМЫСЫНЫҢ БІРЛІГІ»

15-18 АҚПАН 2013



2013 жылғы «Алтын жабағы» ойын сайысы неміс тілді халықтардың тарихы мен мәдениетіне арналды. Сайыс тапсырмалары тақырыптық бөліктерге бөлінген 60 сұрақтан тұрады. Сұраққа жауап беру үшін ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдау қажет.

Жауапты таңдау үшін жауаптар бланкінде таңдап алынған нұсқаның тұсына белгі қою қажет. Жауапсыз қалдырылған сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Жауаптар бланкіні толтырғанда мұқият әрі ұқыпты болыңыз. Олар компьютерге салынып өңделетіндігін естен шығармаңыз, сондықтан қандай да бір түзетулер мен жөндеулер ақпаратты бұрмалау болып табылады.

Толтыру үлгілері бланктерде берілген.

Сайыс туралы ақпарат [www.runodog.ru](http://www.runodog.ru) сайтында жарияланған. Дұрыс жауаптары 2013 жылдың наурыз айында жарияланады.

Сәттілік тілейміз!

